



Ембі ТЫНЫСЫ

№4 (109)
МАМЫР
2023 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



ҚҰРМЕТТІ ЭКОЛОГТАР!

Сіздерді 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнімен құттықтаймыз!

Еліміздің мұнай-газ саласында қызмет етіп жатқан барлық компаниялардың алдында тұрған ортақ міндет – өнім өндіру барысында қоршаған ортаға залал келтірмей, экологиялық талаптарды сақтау. «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік көрсеткіштерді тұрақты орындауды назарында ұстаумен қатар, осы мәселені де әрқашан өзекті санайды.

Ғасырдан астам уақыт жер қойнауын игеріп, ел экономикасының дамуына үлес қосып отырған отандық мұнай өндіруші компания көгалдандыру жұмыстарына белсенді араласуда. Жыл басынан бері ембіліктер Атырау қаласының іргесіндегі Талқайраң елдімекенінде 7200 ағаш отырғызды. Бұған қоса, барлық мұнай-газ өндіру басқармалары өздері қызмет атқаратын аудандарда көгалдандыру шараларына үлес қосып келеді. Бұл – қоршаған

ортаны қорғауға, экологиялық талаптарды сақтауға қосқан ортақ үлесіміздің көрінісі.

Табиғат байлығы – ұрпақ игілігі. Сондықтан, қоршаған ортаны сақтау және экологиялық ахуалды жақсарту мәселелері үлкен мәнге ие.

Компанияға қарасты мұнай-газ кен алаңдарында өндіріс қалдықтарын залалсыздандыру жолында жүзеге асып жатқан жұмыстар жақсы нәтижелер көрсетуде.

Бұл бағыттағы тың жаңалықтар мен өзгерістерді өндіріске енгізу арқылы заманауи, экологиялық қауіпсіздікті басты орынға қойған Компания ретінде жұмыстарымызды жалғастыру – негізгі миссиямыздың бірі.

Кәсіби мереке құтты болсын! Қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық тілейміз!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

ПРОТИВОСТОЯНИЕ ОГНЮ



→ 4

«ЖАЛАҚЫ ТӨЛЕУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЙЫРМАШЫЛЫҚ АЗАЯДЫ»



→ 5

«ЖҰМЫСЫМЫЗ – АСА ЖАУАПТЫ»



→ 6

АШЫҚ ПІКІРЛЕР АЛАҢЫ




→ 7

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚХР-ға сапары барысында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және China National Petroleum Corporation (CNPC) мұнай-газ саласындағы стратегиялық ынтымақтастықты кеңейту туралы келісімге қол қойды.

Келісім бойынша геологиялық барлау және мұнай өңдеу саласындағы ынтымақтастықты ілгерілету, Қазақстан-Қытай мұнай құбыры арқылы тасымалдау көлемін ұлғайту мүмкіндіктерін зерделеу, сондай-ақ компаниялардың кадрлық әлеуетін дамыту жоспарлануда.

«ҚазМұнайГаз» бен CNPC компаниялары арасында Қазақстан үшін маңызды мұнай-газ жобаларын бірлесіп іске асырған жылдар ішінде берік әрі сенімді қарым-қатынас қалыптасып үлгерді. Қол қойылған бүгінгі Келісім – компаниялар арасындағы әріптестікті нығайту бағытындағы кезекті кезең», – деді «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев.

МҮМКІНДІКТІ КЕҢЕЙТЕР КЕЛІСІМДЕР



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және China Petroleum & Chemical Corporation (Sinopec) Атырау облысындағы Полиэтилен жобасын бірлесіп іске асыруға қатысты Қағидаттар туралы келісімге қол қойды (*суретте*).

Құжат Sinopec-тің жобаға СИБУР-мен қатар тең құқылы серіктес ретінде кіруін көздейді.

Sinopec компаниясының жобаға қосылуына байланысты тараптар болашақта қатысу үлесін сатып алу туралы шартқа және басқа да міндетті құжаттарға қол қоятын

болады.

Жоба үлескерлері түпкілікті инвестициялық шешімді (FID) 2024 жылы қабылдайды деп күтіледі.

«Sinopec компаниясының мұнай химиясының осындай технологиялық күрделі нысандарын жобалау, салу және пайдаланудағы мол тәжірибесі жобамызға оң әсер ететініне, сондай-ақ Қазақстанның мұнай-газ химиясы саласының инвестициялық тартымдылығын арттыратынына сенімдімін», – деп атап өтті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев.

Sinopec-тің жобаға тең құқылы серіктес ретінде кіруі компанияның мұнай химиясы нысандарын салу бойынша технологиялары мен сараптамасын пайдалануға, сондай-ақ алдағы уақытта Қытай аумағында дайын өнімді өткізуі ұйымдастыруға мүмкіндік беретін болады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Sinopec International Energy Investment Limited (Sinopec) ҚР

жер қойнауын геологиялық зерттеу саласындағы өзара іс-қимылы туралы келісімге қол қойды.

Құжат негізгі және аз зерттелген шөгінді алаптар шегінде орналасқан 17 барлау учаскесін бірлесіп зерттеуді көздейді. Учаскелердің мүмкіндіктері расталған жағдайда тараптар көмірсутектерді барлау мен өндіру үшін келісімшарт жасау ықтималдығын қарастыратын болады.

Сонымен қатар SINOPEC кен орындарды геологиялық барлау мен игеру саласында тәжірибе алмасу процесін ұйымдастырады.

«Жер қойнауын геологиялық зерттеу саласы бойынша қол қойылған бұл келісім барынша перспективалы бағыттарды анықтауға және алдағы уақытта Қазақстан аумағында жаңа кен орындарды өнеркәсіптік игеру жұмыстарын қолға алуға мүмкіндік береді», – деп атап өтті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев.

www.kmg.kz

ТАҒАЙЫНДАУ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшысы лауазымына

Сақтағанов Қайрат Таубайұлы тағайындалды.



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның аппарат жетекшісі лауазымына **Арман Кенжехорұлы** тағайындалды.



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның омбудсмені лауазымына **Ожаев Нұрлыбек Жұмахметұлы** тағайындалды.



«Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры лауазымына **Ақберген Серік Ишанбекұлы** тағайындалды.

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАУ – ИГІ ҮРДІС

Бейбіт күннің жақындауына зор үлестерін қосқан алдыңғы буын ардагерлерді ардақтау – «Ембімұнайгаз» АҚ ұстанған дәстүрлі ұстанымдардың бірі. Соған сай, Жеңістің 78 жылдығына орай Компания басшылығы бір топ ембілік ардагер мұнайшылар-тыл еңбеккерлерін мерекемен құттықтады.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов пен орынбасарлары еңбек ардагерлерінің үйіне барды. Сыйлық табыстап, соғыс жылдарындағы жанқиярлық еңбектері үшін алғыс білдірді.

Балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарына тұспа-тұс келген КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі, ҚР кен орындарын алғашқы ашушы, ҚР жер қойнауының



құрметті барлаушысы Мақаш Рахметов жастық шағында басынан өткерген ауыртпалықты әлі де ұмытпайды. Ұрланған балалық шақ, соғыстан кейінгі қалыптасу жылдарындағы қажыр-қайрат пен табандылық, ел еңсесін тіктеп, қалыпты өмірге оралуы жолындағы жылдарға жалғасқан

бейбіт еңбек – мұның бәрі Ембі ардагерлерінің теңдессіз ерлікке тең өмір белестері. Олар – өз ұжымы, ембіліктердің қазіргі буын жастары үшін қаһармандар.

Жарты ғасырдан астам ғұмырын геология саласына арнаған КСРО Құрметті мұнайшысы Мақаш Рахметов «Ембімұнайгаз»

АҚ басшылығына қамқорлық пен ілтипат үшін алғыс айтып, кәсіпорынның табыстарға жете беруіне тілектестік білдірді.

«Аға ұрпақ әрқашан адал еңбектің, төзімділік пен табандылықтың үлгісі болып қала бермек. Жеңіс күнін жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан Ембі жұмысшыларының ерлігін ерекше атап өтуге болады. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін», – деді С.Арынов.

Бүгінде «Ембімұнайгаз» АҚ-да 49 ардагер-тыл еңбеккерлері бар. Оларға Компания тарапынан әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылған.

Айта кетейік, жылдағы дәстүрге сай, Жеңіс күнін тойлау аясында Компанияның басқару аппараты ұжымы «Азалы ана» мемориалының мәңгілік алауына гүл шоқтарын қойып, облыс орталығындағы мерекелік шеруге қатысты.

БАСҚАРМАДА – ЖАҢА БАСШЫ

«Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектация-лау» басқармасына жаңа бастық тағайындалды. «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов ротация әдісінің әлемдік үрдіс, уақыт талабы екенін айта келе, ұжымға басқарманың жаңа бастығы Айхан Досниязовты таныстырды.

Еңбек жолын 1992 жылы «Эмбанефть» АҚ бастаған А.Досниязов осы уақытқа дейін «Ембімұнайгаз» АҚ-ның түрлі салаларында еңбек етіп келді. «Айхан Қабдолұлы – тәжірибелі, өз жұмысын жақсы білетін маман. Өндірісте де қызмет атқарды, түрлі лауазымдарда табысты еңбек етті» деген Компания басшысы оның жаңа жұмысына табыс тіледі.

Осы уақытқа дейін «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектация-лау» басқармасының бастығы қызметін атқарған Бек Қаракушиков Орталық басқару аппаратындағы материалдық-техникалық қамту департаменті ТМҚ қамтамасыз ету бөлімінің бастығы лауазымына ауысты.



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?



- Әлем бойынша ең үлкен мұнай қоры Венесуэла мен Сауд Арабиясына тиесілі.
- Бензин XIX ғасырдың соңында антисептик ретінде ғана пайдаланылып, тұрмыста аз қолданылды. Ол кезеңде адамзат мұнайдан тек керосин өңдеуді білді, ал одан қалған шикізаттың бәрін өртеді не қоқысқа лақтырды.
- ҚМГ иелік ететін SATPI теңіз бұрғылау қондырғысының ұзындығы – 72 метр, ені – 64 метр, биіктігі – 119 метр. Бұл 26 қабатты ғимараттың биіктігімен тең. SATPI – тереңдігі 6 км-ден асатын ұңғымаларды бұрғылай алатын Қазақстандағы алғашқы және жалғыз өздігінен көтерілетін қалқымалы бұрғылау қондырғысы.





Со студенческой скамьи – на производство



Шестнадцать стажеров, прошедших обучение по дуальной системе на производстве АО «Эмбаунайгаз», по итогам тестирования приняты на работу в ЭМГ. По случаю знаменательного события в жизни молодых специалистов с ними встретился генеральный директор АО «Эмбаунайгаз» Сабит Арынов.

Он поздравил работников, выдержавших требования к приему на работу, пожелал им успехов в работе, профессионального роста и непрерывного развития в соответствии с требованиями современного производства.

«Дуальная система обучения доказала свою эффективность в подготовке технических специалистов. За период с 2015 по 2022 годы на производственных объектах «Эмбаунайгаза» прошли подготовку по этой программе 242 человека, из которых 83 были трудоустроены в нашу Компанию. Сегодня вы становитесь частью нашего большого коллектива. Уверен, что вы направите весь свой потенциал, знания и усилия на процветание Эмбы», - сказал С. Арынов.

Напомним, Программа дуального обучения студентов существует в АО «Эмбаунайгаз» более восьми лет. Ее участниками могут стать студенты 3 и 4 курсов профильных вузов и колледжей Атырауской области. В рамках реализации Программы дуального обучения АО «Эмбаунайгаз» сотрудничает с АУНИГ им. С. Утебаева, Высшим колледжем АРЕС PetroTechnic, Атырауским политехническим колледжем им. С. Мукашева, Макатским технологическим колледжем нефти и газа, и Жылыойским технологическим колледжем нефти и газа им. С. Утебаева. Обучение проводится по принципу вахтового метода (14 дней

Айнагуль Тогайбаева:

«Стала участницей Программы дуального обучения будучи студенткой 3 курса АУНИГ им. С.Утебаева. На месторождении Кенбай я приобрела первые навыки лаборанта химического анализа. После окончания вуза начала работать по специальности на Атырауском НПЗ. Когда мне сообщили об успешном прохождении тестирования и пригласили на работу в «Эмбаунайгаз», я сразу согласилась, так как это было моей мечтой. Свой трудовой путь в этой компании я начну в НГДУ «Кайнармунайгаз».

теории-14 дней практики). В процессе освоения программы дуального обучения ЭМГ реализует социальную поддержку начинающих специалистов: обеспечивает студентов питанием, спецодеждой, спальными местами и выплачивает им ежемесячную материальную компенсацию.

В 2023 году в АО «Эмбаунайгаз» проходят дуальное обучение 65 студентов. Совмещая теорию и практику, стажеры осваивают рабочие профессии, в числе которых оператор по исследованию скважин, оператор по добыче нефти и газа,

Мухтар Капан:

«Я окончил Санкт-Петербургский морской технический университет по специальности «Морские нефтегазовые сооружения» и Высший колледж АРЕС PetroTechnic – «Эксплуатация нефтегазовых сооружений». Дуальное обучение прошел во время обучения в колледже, в НГДУ «Кайнармунайгаз». Имея небольшой опыт слесаря, нефтепроводчика, транспортного связиста мне казалось, что работа оператора по добыче нефти – это чисто физический труд, а оказалось совсем не так. Преобладает умственный труд, когда нужно «напрягать» мозги, и это мне нравится. Радости не было предела, когда по итогам тестирования меня пригласили на работу в АО «Эмбаунайгаз». А напутствие руководителей компании еще больше меня окрылило и придало уверенности. Сегодня стало известно, что меня направят в НГДУ «Жайыкмунайгаз». Приложу все усилия, чтобы оправдать возложенное на меня доверие!»



Исабек Агыраев:

«Прошел дуальное обучение, когда учился в Атырауском политехническом колледже им. С.Мукашева по специальности «Эксплуатация нефтяных и газовых месторождений». После практики в НГДУ «Кайнармунайгаз» убедился в эффективности дуального обучения. Потому что, теория – это одно, а на практике, к примеру, какой-то производственный процесс может проходить совсем иначе. И у тебя есть возможность это узнать, со всеми деталями и нюансами, как бы «прощупать» все руками. Очень горжусь, что теперь я работник «Эмбаунайгаза»! Это дает мне большие перспективы».

лаборант химического анализа, электромонтер по ремонту и обслуживанию электрооборудования и другие.

Реализуя программу дуального обучения, АО «Эмбаунайгаз» поддерживает государственный курс поддержки занятости, создает социальные лифты для молодежи и развивает собственные традиции «кузницы кадров», сопутствующие работе Эмбы на протяжении уже

более 100 лет.

Со словами напутствия к молодым коллегам обратились заместитель генерального директора по экономике и финансам Р.Тасмагамбетова, заместитель генерального директора по кадровым и социальным вопросам Г.Шарафетдинова, и.о.заместителя генерального директора по производству М.Елеусинов и заместитель генерального директора по геологии и разработке К.Козов.



ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов бастаған жұмыс тобының өндірістік сапары «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жалғасты.



Іс-сапар Құлсары қаласында орналасқан «Мұнайшылар саябағын» аралаудан басталды. Парк аумағындағы музеймен танысқан соң, сала ардагерлері мен зейнеткерлерінің тынығу алаңына айналған сүйікті орындарының бірі – саябаққа жөндеу жұмыстары қажеттілігіне орай арнайы жоба жасақталғаны айтылды.

Бұдан соң, қазақ мұнайы тарихының қайнар бастауында тұратын Қарашұңгіл кен орнына барған жұмыс тобы тарихи орынға тағзым етті. Кейін Прорва кен орындары тобына қарасты Ж.Досмұхамбетов, С.Нұржанов, Ақтөбе кен аландарында және Қысымбай кенішінде болып, қазіргі ахуал, жоспарлы жұмыстарды назарға алды.

Компания басшылығы Прорва мұнай дайындау және айдау цехы және Прорва газ дайындау және күкірт алу цехының бүгінгі жағдайын, атқарылып жатқан жұмыстарды саралады. Тауарлы газды тасымалдау, ілеспе газды көдеге жарату бағытындағы жоспарлар мен қазіргі көрсеткіштер де айтылды.

Айта кетейік, 2017 жылдың маусым айында Компания ірі жобаны – Прорва кен аландары тобында ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысын іске қосты. Қондырғы жылына 150 млн. текше метр қуаттылықпен жұмыс жасайды.

Қазіргі таңда Қондырғыдан алынған тауарлы газ «Орта Азия – Орталық» магистралды газ құбырына дейін жіберіліп, Прорва кен аландары тобында газды ауаға жағуды мейлінше азайтуда. Қондырғыда қолданылатын MERICHEM фирмасының патенттелген LO-CAT газды өндеу технологиясы экологиялық тұрғыда қауіпсіз және күкірт сутегін залалсыздандырудың жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді. Газды дайындау үдерісі толықтай автоматтандырылған және апаттық жағдайларға қарсы бірнеше кезеңдер қарастырылған. Қондырғыда жыл

сайын 145 млн. м³ тауарлы газ, 5,5 мың тонна тұрақты газ конденсаты және 2,1 мың тонна түйіршіктелген күкірт алынады.

Жұмыс тобы өндірістік көрсеткіштермен танысумен қатар, әлеуметтік нысандардың жай-күйін, асхана, жатақханалардағы ахуалды саралап, жұмысшылардың демалыс уақытын тиімді өткізу мақсатын көздейтін арнайы жасақталған орындарды да аралады.

Бірқатар құрылыстар және жоспарлармен танысқан соң, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов қандай құрылыс жұмыстары болмасын, сапалы, уақытылы жүргізілуі аса маңызды екенін атап, техникалық талаптарға сай болса ғана қабылдау қажеттігін айтты.

Компания басшылығы жұмысшылармен пікірлесу барысында бірқатар ұсыныстар білдірді. Құлсары мұнай дайындау және айдау цехының инженер-химигі Рысбике Садуақасова жұмыс барысын таныстыра келе, қазіргі уақытта химиялық анализдердің саны көбейіп, жұмыс ауқымы артқанын атады. Соған сай, Компания басшысы сала мамандарының біліктілігін арттыру мәселесінің өзекті екенін, заман ағымына сай болу, уақыт талабынан қалмаудың маңыздылығын айта келе, бұл бағытта жоспарлар бар екенін жеткізді.

«Жылыоймұнайгаз» басқармасында қалыптасқан дәстүрдің бірі – жұмысшыларды толғандыратын мәселелердің жинақталып, әр вахта сайын арнайы хаттама толтырылуы. «Бұндай әдіс кез-келген мәселенің ашық айтылуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, мұнай-газ өндіру басқармаларының жұмысын жетілдіруге әсер етеді. Осындай жұмыстарды басқа құрылымдарда да жандандыру қажет» деді Компания басшысы Сәбит Арынов.

Жұмыс сапары «Каспий самалы» мұнайшылар қалашығын аралаумен аяқталды. Бұл нысан «ҚазМұнайГаз» бойынша ең ірі әлеуметтік нысан саналады.

УЧЕНИЕ

... В процессе спуско-подъемных работ подземного оборудования НКТ 73х5,5 глубинным насосом с L=1200м на скважине глубиной 2800 метров месторождения С.Нуржанов старший оператор подземного ремонта скважин (ПРС) обнаружил перелив газонепродуцовой эмульсии через устье скважины. Немедленно членам вахты был подан сигнал «Выброс». Согласно схеме оповещения при возникновении происшествия на территории АО «Эмбаунайгаз», об угрозе незамедлительно было сообщено начальнику ЦПРС. И сразу же бригада ПРС приступила к оперативным действиям согласно Плану ликвидации аварии. Так началась первая часть комплексного учения по ликвидации ЧС на месторождении С.Нуржанов НГДУ «Жылыоймұнайгаз».



устье скважины устанавливается противовыбросовое оборудование.

Целью учения стали отработка взаимодействия аварийно-спасательной службы Атырауского филиала ТОО «РЦШ ПВАСС «Ақ Берен» с противопожарными подразделениями Западного филиала ТОО «Семсер-Өрт сөндіруші», и проверка готовности привлекаемых сил и средств, а также персонала АО «Эмбаунайгаз» на случай возникновения ЧС на опасных производственных объектах.

В учении приняли участие и.о. генерального директора по производству АО «Эмбаунайгаз» Марат Елеусинов, главные инженеры всех НГДУ, руководство Атырауского филиала «Ақ Берен» ТОО «РЦШ ПВАСС» и ЗФ ТОО «Семсер-Өрт сөндіруші», а также подрядных организаций, оказывающих услуги по бурению и капитальному ремонту скважин.

По итогам учения были даны ряд рекомендаций, которые должны быть учтены в ходе следующих учебно-тренировочных занятий. Учению была дана удовлетворительная оценка.

ПРОТИВОСТОЯНИЕ ОГНЮ



Своевременными и согласованными действиями бригада ПРС за четыре с половиной минуты установила планшайбу и загерметизировала устье скважины.

Во второй части учения, согласно сценарию газонепродуцовой эмульсии (ГНВП) перешло в фазу открытого фонтанирования, в результате которого произошло искрообразование от удара кривоблока о металлическую часть конструкции вышки подъемника ПРС и возгорание продукции фонтанирующей скважины. На месте ЧС выезжают пожарные расчеты НГПС ТОО «Семсер – Өрт сөндіруші» для локализации места возгорания и тушения территории вокруг скважины от разлитой газонепродуцовой эмульсии. Создается оперативный штаб по управлению силами и средствами для ликвидации аварии. Прибывшая на место аварийно-спасательная служба ТОО «РЦШ ПВАСС «Ақ Берен», согласно плану совместных действий ликвидирует аварию. С помощью пневматического порошкового оборудования ППП-2000 производится тушение факела пламени, затем на



2014 жылдың 1 сәуірінен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ-ы алғашқылардың бірі болып «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-на қарасты мекемелер тобына арнап дайындалған Еңбекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесіне



Гүлшат САРЕКЕНОВА,
«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің
еңбек және жалақы бөлімінің бастығы:



мөлшерін құрап отыр.

Жұмыс тобының шешімімен «Барлау және өндіру» және «Көлік саласы» тарифтік сеткасындағы разряд аралық коэффициенттердің айырмашылығы бұған дейін 20% құраған болса, енді ол жетілдірілген жүйе бойынша 15%-ға дейін азайтылды. Бұған жоғарғы 6-разряд өзгеріссіз, өз деңгейінде қалдырылып, қалған 5, 4, 3 разрядтар арасындағы айырмашылық 15% мөлшерін сақтай отырып, жоғары қарай өсіру арқылы қол жеткізілді. Бұл жерде жұмысшылардың жалақысының разрядтарына қарай әртүрлі деңгейде өсуі де осыдан туындап тұр.

Нақтыласақ,

- 5 разрядтың өсімі – 4,1%,
- 4 разрядтың өсімі – 8,9%,
- 3 разрядтың өсімі – 13,5% құрап отыр.

Сондай-ақ «Көлік саласы» тарифтік сеткасында 5 және 6 разрядты жүргізушілердің жалақы айырмашылығы 5%-ды, яғни айлық ақысының айырмашылығы 28 631 теңгені құраған болса, бұдан былай басқа разряд аралық коэффициенттері секілді 15%-ға келтірілді. Бұл жерде жұмысшылардың

«Жалақы төлеу жүйесіндегі айырмашылық азаяды»

көшті. Қазіргі таңда бұл бірыңғай жүйе «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның 15 еншілес және тәуелді ұйымдарында қолданылады. Бұл мекемелерде 31 мыңға тарта адам еңбек етуде.

Еңбекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі қолданысқа енгізілгеннен бері 8 жылдың ішінде еңбекке ақы төлеуге қатысты сұрақтар туындап, ұсыныстар көптеп түскен. Бұдан басқа жалақының жыл сайынғы индекстелуі де жұмыскерлердің жалақысының арасындағы айырмашылықтың өсуіне әкеліп отыр.

Осыған байланысты Еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін жетілдіру мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Басқарма төрағасының 14.02.2022ж. №21 бұйрығының негізінде құрамына Еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі (одан әрі – ЕТБЖ) шеңберінде әрекет ететін ҚМГ ҰК-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының барлық өкілдері құрамына енген жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобының мүшелері алдымен бірыңғай жүйені қолдану барысында басты деген проблемалық мәселелерді жинақтап, сараптама жасады.

Тақырып аясында ұсыныстар жинақталды. Ұсыныстар жұмысшының мүддесін қорғаушы – барлық басқармадағы Кәсіподақ ұйымынан да, жұмыс берушілер тарапынан да түсті. Жұмыс тобына шамамен 600-дей сұрақ, ұсыныс түскен. Олар жинақтала келе 506 сұраққа дейін топтастырылды. Топтастырылған сауалдар бағытына, сипаттамасына қарай 2-ге бөлінді.

Еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін жетілдіру мақсатында басымдық берілген бағыттардың бірі – басшылар, мамандар, қызметкерлердің жалақылары арасындағы айырмашылықты барынша азайту. Орта буын басшылары (бөлім/цех бастығы) мен



жоғары буын басшыларының (басшылық) жалақылары өзгеріссіз қалдырылды.

Жалақы мөлшерінің өсімі келесідей лауазымдарда орын алған:

- техникалық орындаушыларда – 14%,
- мамандарда – 5%,

- 2-санатты мамандарда – 4,5%,

- 1-санатты мамандарда – 3,5%,

- аға мамандарда – 3,5%,

- жетекші мамандарда – 3%,

- кіші буын басшыларында (учаске бастығы, шебер, топ жетекшісі) – 3%

айлық ақы мөлшерінің айырмашылығы 89 210 теңгеге дейін көбейтілді, өсім 14%-ды құрап отыр.

Сонымен қатар, Жұмыс тобына лауазымдарды қоса атқарғаны және қызмет көрсету аймағының кеңейгені үшін жұмыскерлерге тағайындалатын қосымша ақы мөлшерін анықтайтын бірыңғай әдістеменің жобасын дайындау жүктелді. Бүгінгі күні жұмыскерлерге аталған қосымша ақы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының 24.02.2023ж. шешімімен (№9 хаттама) бекітілген «Лауазымдарды қоса атқару, қызмет көрсету аймағының кеңеюі және қосымша функцияларды орындау кезінде төленетін қосымша ақыны анықтау әдістемесіне» сәйкес төлене бастады.

Соның ішінде аталған әдістеме бойынша тіркеме үшін төленетін қосымша ақы мөлшері де көбейтілді. Бұрын автокөлік жүргізушілеріне тіркемені сүйрегені үшін жүк көтергіштігі 2-ден 8 тоннаға дейін 4%, 8-ден 15 тоннаға дейін 6% мөлшерінде қосымша ақы төленіп келген болса, қазіргі уақытта бұл қосымша ақы мөлшері жүк көтергіштігі 2-ден 5 тоннаға дейін 5%, 5-тен 10 тоннаға дейін 10%, 10 тоннадан жоғары 15% мөлшерінде бекітіліп отыр.

Еңбекке ақы төлеудің жетілдірілген жүйесіндегі өзгерістер бойынша Компанияға қарасты барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлері арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

ЖАҢА КІТАП

Ардагер мұнайшы, белгілі өлкетанушы, қаламгер, Мақат өңірінің байырғы мұнайшыларына қатысты шежіре жинақтарының авторы Орақ Деңгелбаевтың жаңа кітабы осылай аталады.



Алдымен жазбаға арқау болған Қошқар ауылы туралы аз-кем айта кетелік. 1941-1944 жылдары жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде кен орнында дербес мұнай күмбезі анықталған соң, вахталық кент болған жерге біртіндеп халық қоныстана бастаған. Ел тұрақтаған соң, игілікке жарар жаңа құрылыстар да бой көтереді. Ал, 1960-70 жылдардың ауылдың дамып, шарықтаған кезіне сәйкес келетіні – тарихи дерек. Кейін 2010 жылы елдімекеннің

«ҚОШҚАР ДА ҚАРТ ЕМБІНІҢ БІР БАЛАСЫ»

соңғы тұрғындары Атырау қаласы мен Махамбет ауданына көшіріледі.

Осылайша, тарихтың қалың қойнауына енген елдімекен туралы мәліметтерді жинақтап, жаңа кітабына арқау еткен ардагер мұнайшы Орақ Деңгелбаев мұнай өндірісінің тарихын ғана емес, Қошқар ауылына қатысты барлық дерек-дәйектерді де келтіруімен оқырманын баурайды.

Айта кетейік, сала ардагерінің қарымды қаламынан шыққан туындыларда еңбек адамына ерекше мән беріледі. Осы сөзімізге дәлел ретінде автордың былтыр басылған «Рамазан Есқараев – бұрғылау шебері, халық қалаулысы» кітабын да айта кетуімізге болады. Қара алтын өндірісінде өзіндік қолтаңбасы қалған, өз заманының үздіктері сапында болған бұрғышы Р.Есқараев туралы танымдық кітапта архив деректері, баспа беттеріндегі мақалалар мен естеліктер жазылған.

Қос кітаптың да қалың оқырман және мұнай саласының тарихына қызығушылар үшін құнды қазына екені сөзсіз.



ТІЛСІЗ ЖАУМЕН ТИІМДІ КҮРЕСУ ҮШІН

Өрт – тілсіз жау. Оны болдырмау, алдын-алу, тез арада сөндіру мақсатындағы заманауи құрал, тәсілдерді қолдану – уақыттың да талабы, апатты ауыздықтаудың да амалы.

Қауіпсіздік мәселесін басты орынға қоятындықтан «Ембімұнайгаз» АҚ-ы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының оқу полигонында өрт сөндіргіштердің жаңа типтерін сынақтан өткізді.

Іс-шараға қатысушы - «КазПожПром», «TENTRADE», «Yeskertish Kyzmet Kazakhstan», «Chemical Solutions» ЖШС-нің өкілдері алып келген қондырғы, құрылғыларын таныстырып, олардың жұмыс жасау принциптерін айтып өтті. Бұдан соң, тәжірибе барысында сынау жұмыстары жүргізілді. Іс-шара «Семсер – Өрт сөндіруші» ЖШС Батыс филиалы мамандарының қатысуымен өтіп, құрылғыларды сынау жұмыстарын кәсіби өрт сөндірушілер жасады.

Бірінші кезекте, өрттің «Е» санаты, яғни, 1000 вольт қуатпен жұмыс жасайтын электроқондырылардағы өртті сөндіру ұйымдастырылды. «TENTRADE» ЖШС ұсынған автономды іске қосылатын өрт сөндіру құрылғысы, «КазПожПром» ЖШС ұсынған құрылғы жүктелген тапсырманы орындай алмады.

Бұдан соң, түрлі жануларды өрт сөндіргіштер арқылы өшіру демонстрацияланды. Ашық жанған жанармайды сөндіруде қазіргі қолданыстағы құрылғыдан басқа, «КазПожПром» ЖШС ұсынған өрт сөндіргіштер 13,64 секундта, «Yeskertish Kyzmet Kazakhstan» ЖШС ұсынған өрт сөндіргіштер 4,54 секундта өртті сөндірді. Осыдан кейін қатысушылар ұсынған заманауи өрт сөндіргіштердің жанған автомобиль дөңгелектерін өшіру жылдамдығы сыналды.

Кейін «Chemical Solutions» ЖШС өкілдері

ПТ-16/150 мұнай қыздыру пешін жасайтын «Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы» АҚ бірлескен түрде пештегі өртті сөндіруде қолданылатын BiZone сөндіру құрылғысын, «TENTRADE» ЖШС де осы пеште Сфера автономды өрт сөндіру құрылғысын сынақтан өткізді.

Жалпы бұл іс-шара барысында өзге де бірнеше жаңа құрал-қондырғылар таныстырылды. Мәселен, «Yeskertish Kyzmet Kazakhstan» ЖШС жерге төгілген мұнай, май қалдықтарын жойып, әсерін болдырмайтын FAST-ACT баллонын, Senko газоанализаторларын да назарға ұсынды.

Бұндай жұмыстардың өндірістегі қауіпсіздік жүйесін жетілдіру үшін ұйымдастырылатынын атап өткен «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы Марат Елеусінов: «Қауіпсіздік мәселесі қашан да аса маңызды. Сондықтан, бұл секілді іс-шаралар өндірісте болуы мүмкін апатты жағдайлардың алдын алу, тез әрекет ету үшін тиімді. Өрт сөндіру құрылғылары да заман талабына сай жанаруда. Қолданысқа тиімді тәсілдерді енгізу қандай қажет болса, оларды алдынала сынақтан өткізу де қажеттілік. Осы мақсатта бүгінгі шара ұйымдастырылып, кейбір құрылғылардың жетістіктерін көрсек, кейбірі тапсырмаларды орындай алмады. Жалпы алғанда, осы секілді жұмыстардың маңызы зор» деді.



КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

«ЖҰМЫСЫМЫЗ – АСА ЖАУАПТЫ»

Бүгінгі таңда химия өнеркәсібі – жетекші салалардың бірі. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен алаңдарындағы мұнай дайындау және айлау цехтары лаборанттарының жұмыстары үлкен маңызға ие. Қара алтынның құрамын анықтау, сапасын тексеру, мұнайды технологиялық дайындаудың әр кезеңінің сапалы жүруін тексеруде олардың өлшеусіз үлесі бар. Әріптестеріміздің өздері де: «Жұмысымыз өте жауапты. Мұқияттылықты, нақтылықты талап етеді. Әр өлшемге дәлдікпен келеміз» дейді. Кәсіби мереке қарсаңында сала мамандарымен арнайы сөйлестік.

Сая Атырауова,

«Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының Қарсақ мұнай дайындау және айлау цехы химиялық лабораториясының инженер-химигі:

– Байшонастың тұмасы болғандықтан, бала күнімізден мұнай бізге етене таныс. Атам, әкем де – осы саланың ардагерлері. Қазіргі уақытта екі інім де қара алтын өндірісіне үлес қосуда.

Үйдің үлкенімін, кіші бауырларым жан-жақта оқыған соң, ата-анамның қасында болып, еңбекке араластым. Еңбек өтілім 33 жылға жақын. Өнімді үнемі жоғары сапамен тапсырып келеміз. Ұжымымыз өте тату, бір-бірімізді ұдайы қолдаймыз.

1991 жылдан бастап, Қарсақ кен орнында ұңғыларды зерттеу бригадасында оператор болып, қызмет жолымды бастадым. Кейін, 2007 жылы лабораторияға ауыстым, 2017 жылдан инженер-химикпін. Ұстазым ретінде білгенім үйретуден еш жалықпайтын, осы уақытқа дейін басшымыз болған Адай Бисембайұлы Сарғалиевты айрықша атар едім, білікті маманнан үйренеріміз көп болды. Салалық маман конкурстарына қатысып, жүлделі орын алып жүргенім де – жұмысымды жақсы көргенімнің нәтижесі.

Бұрын лабораторияда тек мұнайдың құрамындағы тығыздықты, тұздың, судың мөлшерін анықтайтын еді. Қазіргі кезде жаңа қондырғылар келді. Қаныққан бу қысымын, құрамындағы күкіртті, хлорорганикалық қосылыстарды анықтаймыз. Жұмысымыз қызықты әрі жауапкершілікті талап етеді.



Кенжегүл Жаманғариева,
«Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының Кенбай кен орны зертханасының 4-ші дәрежелі химиялық таллау лаборанты:

– Атырау политехникалық институтын химик-технолог мамандығы бойынша бітірген соң, 1996 жылы «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасында Кенбай кен орнының химиялық лаборанты болып еңбек жолымды бастадым. Сол жылы Атыраудағы Орталық ғылыми лабораториядан тәжірибеден өткен кезде Ольга Агафонова, Люба Сүйінова, Алла Трухина, Роза Сұлтанова секілді білікті мамандардан дәріс алдым. Сол білім маған өмірлік азық болды.

1997 жылы заманауи лабораториялық сынақтар жасайтын жаңа құрылғылар келіп, олардың қосылуына, құрылып, жұмыс жасауына атсалыстым. Сол жылы лаборатория меңгерушісі болдым. Бірақ, отбасылық жағдайыма байланысты вахталық режимге ауысып, содан бері 27 жыл бойы үзбей жұмыс жасап келемін.

Бүгінгі күні өзім де білгенімді кейінгі келген мамандарға, жас буынға үйретіп келемін. Ұрпақтар сабақтастығы деген де осы болса керек.

Әсемгүл Тәжіғарина,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының мұнай дайындау және айлау цехының химиялық анализ зерттеушісі:

– Ақтау қаласындағы политехникалық институттың түлегімін. Жолдамамен еңбек жолымды Атыраудағы Мұнай химиясы және табиғи тұздар институтынан бастап, тәжірибе жинақтадым. Тоқсаныншы жылдардағы тоқырау кезеңі институт жұмысына да зиянын тигізді. Сондай қиын кезеңдерде Құлсарыдан сұраныс түсіп, сол жұмысты атқару туралы маған ұсыныс айтылды. Ол кезеңде басқарма «Құлсарымұнайгаз» деп аталатын. Осылайша қызметтік жолыма қатысты маңызды шешім қабылдап, 2000 жылы жұмысқа орналастым. Содан бері еңбек етіп келемін.

Алғашқы келгенімде Ақмұнара Исмұханова есімді білікті маманнан азды-көпті тәлім алып, тәжірибемді молайттым. Бұдан соң, өмір жолымда тоғысқан Жанат Қарабалина, Гүлбану Хамидулина есімді ұстадарымнан көп нәрсе үйрендім.

Еңбегімнің жемісін көріп келемін.



Үздік маман байқауларына қатысып, өз білімім мен тәжірибемді шыңдаудамын. 2013 жылы «ҚазМұнайГаз» бойынша кең ауқымда өткен байқаудан 4 команданың ішінен жүлделі 2-орын алдым.

Біздің Компанияда жұмысшылардың білімін жетілдіруге де көп көңіл бөлініп келеді. Сондай мақсатта 2017 жылы «Тат-нефть» өндіріс орнында болып, оқу мен тәжірибені ұштастырып, біліктілігімізді арттырдық.

Өз жұмысымды жақсы көремін, мақтан тұтамын. Жаңа қондырғылар келіп, зерттеулеріміздің ауқымы да кеңейді. Жұмысқа қуанышпен келіп, жанұямызға сағынышпен ораламыз. Нағыз бақыт деген де осы емес пе?!

Мұнай-газ өндіру саласының ажырамас бөлшегіне айналған химия саласының болашағы өте зор. Осынау жауапты салада табысты еңбек етіп жүрген барша әріптестерімізді кәсіби мерекемен құттықтаймыз!



Құлсары қаласы



Аққыстау селосы



Доссор кенті

АШЫҚ ПІКІРЛЕР АЛАҢЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ аудандарда қоғамдық тыңдау өткізді

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сай жер қойнауын пайдаланушы компаниялар өз қызметтеріндегі жаңа жобаларды бастамас бұрын жергілікті халықтың алдында түсіндіру, таныстыру мақсатында қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыруға міндетті. Онда қолға алынғалы отырған жобалар бойынша мемлекеттік экологиялық сараптамалар жұртшылық алдында талданады.

Осы талапқа сай, «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты мұнай-газ басқармалары орналасқан төрт ауданда жобалардың қоршаған ортаға әсер етуіне орай экологиялық келісім алу мақсатында қоғамдық тыңдау өткізілді. Мақат, Исатай, Жылыой, Қызылқоға аудандарының тұрғындарымен болған қоғамдық тыңдау кезінде алдағы уақытта қолға алынатын құрылыс жұмыстары жан-жақты баяндалып, түсіндірілді. Жергілікті тұрғындардың сауалдарына тұшымды жауаптар да берілді.

Жоғарыда аталған аудандардағы іргелі кәсіпорындар – «Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының өндірістік алаңдарында басталғалы отырған мәселелерге жеке-жеке тоқталсақ.

Жылыой ауданында өткен қоғамдық тыңдауда «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау, жөндеу және жою жұмыстарының жобасы, жер үсті құрылыс жұмыстарының жобалары талқыланды. Аталмыш басқарманың өндіріс алаңдарындағы өндірістік нысандарға, тарқата айтсақ, жеке-жеке ұңғымалардың күрделі жөндеу жұмыстары, олардың техникалық құжаттарын дайындау, ұңғыманың бүйірінен кесу, ұңғымаларды терендетуге арналған бұрғылау жұмыстары туралы жан-жақты баяндалды. Кеніштердегі антенна-дінгек құрылысын бөлшектеу және жобалау бойынша кешенді жұмыстар, кәріздік-тазарту құрылыстары мен газ құбырын қайта құру, қазандардың құрылысы, Аққұдық кен орнындағы асханасы бар жатақхананы қайта жабдықтау мен Прорвадағы түйіршіктелген күкірт қоймасын жөндеу шаралары.

Исатай ауданында өткен қоғамдық тыңдауда «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы бой-

ынша бағалау ұңғымаларын, пайдалану ұңғымаларын, көлденең ұңғымасын салу жұмыстарының жобалары, ұңғымаларды жайғастыру шаралары, жаңа резервуарларды салу және оларды күрделі жөндеу жұмыстары, жылу қазандарын реконструкциялау, көпфазалы сорғы станциясының, өндіріс алаңдарындағы ғимараттардың құрылысының, бу қазандықты реконструкциялау жобалары талқыланды.

Мақат ауданындағы қоғамдық тыңдауда «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының өндіріс алаңдарындағы ұңғымаларды күрделі жөндеу және сұйықтықты жинау жүйелерін қайта құру, сарқынды суларды биологиялық тазарту жұмыстары, Шығыс Мақат кен орнындағы 150 орынды асхананың, Қарсақ кенішіндегі 100 орынды асхананың құрылыс жұмыстарының жобалау құжаттары жергілікті тұрғындардың назарына ұсынылды.

Қызылқоға ауданы Мұқыр селолық округінде өткен қоғамдық тыңдау кезінде «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының өндіріс алаңдарындағы көмірсутек өндіру кезіндегі жер қойнауын пайдалану салдарын жою, мультифазалы сорғы станциясын салу, резервуарлық паркін автоматтандырылған өрт сөндіру жүйесінің жобасы, сұйықтықты жинау және тасымалдау жүйесін қайта құру, мұнай құбырын жаңарту, блокты-модульді қазандық құрылысы, асхана құрылысы мен тұшыландыру қондырғысын қайта жаңарту және ұңғыма құрылыстары жұмыстары жұртшылық алдында таныстырылып, олардың келісімдері алынды.

Ал, жергілікті тұрғындар тарапынан болған сауалдардың дені компанияның ауылдық жерге деген қамқорлығы, жергілікті өмір тұрғындарының игілігіне арналатын шаралар туралы болды.



Мұқыр селосы

ЖЕТІСТІК

БІЗДІҢ ЖОБА – ҮЗДІК

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндіріске қажетті маман дайындау бойынша әлеуметтік бағдарламасы Астанада өткен Human Capital Days Kazakhstan II Халықаралық форумы барысында үздік деп танылды. Бұл бағдарлама бұған дейін «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдастыруымен өткен «Болашағымыз – бірлікте!» атты HR форумында да жоғары бағаланған болатын.


Аталмыш бағдарлама 2022 жылдың қараша айындағы «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма шешімімен бекітілген болатын. Бағдарламаның мақсаты – отбасылары әлеуметтік осал санатқа жататын қызметкерлердің балаларын қолдау, оларды Атырау облысындағы мамандандырылған колледждерде оқыту арқылы Компания үшін өзекті мәселенің бірі – өндіріс қажеттілігіне сай кадрлар даярлауды тиімді шешу.

Бағдарламаға қатысушылар «Ембімұнайгаз» АҚ есебінен барлық қажетті заттармен (оқыту, тамақтану, жатын орын, арнайы киім және т.б.) қамтамасыз етілетінін атап өткен жөн. (Әлеуметтік бағдарлама туралы «Ембі тынысы» газетінің сәуір айындағы №3 санында «Многоцелевой проект» тақырыбымен жарық көрген мақаладан толық танысуға болады).





Жұмыстарын зор жауапкершілікпен атқарумен қатар, отбасының да алтын тұғырына айналып отырған әріптестерімізбен әңгіменің басы осылай басталды. Расында да бала – әр отбасының баға жетпес қазынасы. Халықаралық балаларды қорғау күніне байланысты жазылған осынау мақаламыздың бас кейіпкерлері – ортамызда жүрген көпбалалы әкелер.



«Балаларым – бақытым!»



Әр әке өз ісімен үлгі болуы керек. «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының еңбекке ақы төлеу және қызметкерлерді басқару бөлімінің кадрлар жөніндегі 2-санатты маманы **Жарқын Темеевтің** өмірлік ұстанымы осындай. Өзі де жаман әдеттерден аулақ, салауатты өмір салтын ұстанатын, спортқа жақын жанның балалары да спортқа бейім, шығыс жекпе-жегі бойынша азды-көпті жетістіктерге жетіп жүр. Қыздары да биге қатысып, түрлі деңгейдегі марапаттарды иеленгені – үлкен мақтаныш.

«Жасы 75-тен асқан анамызбен бірге тұрамыз. Өмір бойы білім беру саласында қызмет атқарған ардагер ұстаз. Балалардың тәрбиесіне, сабақтарын жақсы оқуына үлес қосып келеді. Жаратқанның бізге берген сыйы 8 баламыз бар. Қызымызды ұзатып, өрісіміз кеңейді. Үлкен екі ұлым да әскер қатарында, бірі Астанада борышын өтесе, енді бірі Атырауда шекара қызметінде, таяуда ғана ант қабылдады» дейді Жарқын Темеев.

«Балаларымыздың айтқанымызды екі етпей тыңдап, қас-қабағымызға қарайтыны да отбасы жарастығының белгісі емес пе? Балаларымның анасы – бастауыш сынып мұғалімі.



Отбасымыздағы ең басты ұстаным – адал болу, ешкімнің ала жібін аттамау, жамандық жасамау» деген ол балаларының әр жетістігіне қуанатындарын жеткізді.

Байшонастың тумасы, бұл күнде «Ембімұнайэнерго» басқармасының Доссор аудандық электр торабының шебері қызметін абыройлы атқарып жүрген **Әдуард Искаковтың** да бірлігі бекем, тірлігі келісті жанұясы – көпке үлгі.

«Отбасымда Жаратқан берген сый – моншақтай 6 қызым, арландай 1 ұлым бар. Үлкендері студент, кейінгілері мектеп жасында. Бибінұр қызым джиу-джитсудан Қазақстан чемпионы, былтыр Дубайда өткен әлем чемпионатына қатысып, 4 орын алды» дейді ұрпағының жетістігіне марқайған әке.

«Ұл балама «Шаңырағымның тірегісін, айналаңа қамқор бол, бауырмал бол» дегенді жиі айтамыз. Ал, қыздарыма «Инабат-ты, иманды болыңдар» деп айтып отырамыз. Жалпы, адами қасиеттен айырымдар деген тәліммен тәрбиелейміз» дейді ол бізбен әңгімесінде.

«Әдетте қыз бала әкесіне жақын деген қағида көп айтылады, сол рас па?» деген сауалымызға, күлімдеген кейіппен: «Иә, қыздарым маған өте жақын» дейді.



Қара алтын өндіру саласында қолтаңбасы қалған ата, әкесінің кәсібін жалғап жүрген **Ардақ Күлбаев** – «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының Қысымбай кен орнының қабат қысымын сақтау операторы.

«Осы басқармада 2002 жылдан бері еңбек етіп келемін. Жұмыс өтілім 21 жылдан асып барады» деген отағасы – 8 баланың әкесі. Тұңғыш қызы өзі таңдаған оқу орнын бітіріп, бүгінде Құлсары қаласындағы №1 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етуде. Кейінгі ұлы да еңбекке араласып, ата-анасына қолқабыс қылуда. Үшінші баласы – студент болса, қалғандары мектеп жасында.

«Балаларымыздың бір-біріне бауырмал болып, қарайласуына әке, анасының қосар үлесі зор. Әркез мейірімді болу, көмектесу, үлкенді сыйлау туралы айтып отырамыз. Балаларымыз қарапайым адами қасиеттерден аттап өтпей, біздің бойымыздағы жақсылықтарды сіңіре білсе, ата-ана қуанышы, өмірінің жалғасы деген сол емес пе?!» дейді ол.



2004 жылы «Доссормұнайгаз» басқармасына жұмысқа орналасып, қазіргі таңда **Шығыс Мақат автоколлонасының 6-шы дәрежелі бульдозер машинисі болып еңбек ететін Мұхаметдин Раджаповтың** әр күні қуанышқа толы. Өйткені, жұмыста жүрген сәтте сағына күтіп отыратын, келгенде қуанып шығатын балалары бақытын еселеп отыр.

«Өмірімдегі ең үлкен жетістігім, басыма бұйырған бағым – 9 балам. Әрқайсысының орны мен үшін бөлек. Ешқайсысын бөліп, жармаймын, тең көремін» деген ол – қазіргі таңда немере сүйіп отырған бақытты ата. «Үлкенімді үйлендіріп, ата-әже атандық. Балаларымның ортасында, бәріміздің басымыз қосылып, бір дастарханда жиналған кезіміз – ең бақытты сәттеріміз» дейді ол.

Өз жұмыстарына деген ерекше ықыластарын, Компания тарапынан балаларды қолдау бағытында түрлі шаралар қарастырылғанын атаған әріптестеріміз «Балаларымыздың болашағы жарқын болса екен!» деген шынайы тілектерімен әңгімелерін түйіндеді.

Әр бала бақыт құшағында, өз отбасында тәрбиеленуі – ең басты байлық екені сөзсіз!

(Суреттер кейіпкерлердің жеке мұрағаттарынан алынды).

«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgerp.kz

Г.Әмірова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmgerp.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

М.Елеусінов – Бас технолог;

Т.Сәрсенов – мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев – өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова – қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.